

қолма-қол ақшасыз төлемдер НАРЫҒЫНА ШОЛУ

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

2026 жылдың 1 тоқсанының нәтижелері


Кезеңнің негізгі үрдістері

- Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында қолма-қол ақшасыз транзакциялар үлесінің арту қарқыны баяулады: олардың көлемі 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі 22,4%-дық өсіммен салыстырғанда, небәрі 5,0%-ға (ж/ж) ұлғайды.
- Динамиканың баяулауы қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға деген сұраныстың төмендеуімен байланысты емес. Бұл көбіне төлем жүйесін жедел цифрландыру мен клиенттерді ауқымды қамтудан кейінгі нарықтың біртіндеп қанығуын көрсетеді, сондай-ақ елдегі экономикалық белсенділіктің бәсеңдегенін білдіреді (ЖІӨ өсімі өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі 5,6%-дан 3,0%-ға дейін баяулады).
- Абсолюттік мәнде қолма-қол ақшасыз транзакциялар көлемі Т40,3-ден Т42,4 трлн-ға дейін ұлғайды. Осы орайда, олардың ел бойынша үлесі бір жыл бұрынғы 87,1% көрсеткішпен салыстырғанда 87,9%-ды құрады. Бұл қолма-қол ақша айналымының ығыстырылу процесінің жалғасып жатқанын және цифрлық төлем құралдарының бұдан әрі де нығая түсетінін айғақтайды.
- Динамикаға негізгі үлесті қолданыстағы төлем құралдарын пайдалану белсенділігінің артуы қосып отыр. Мәселен, қолма-қол ақшасыз транзакциялар саны 6,1%-ға өсіп, олардың көлемінің өсімі (+5,0%) басып озды, ал бір операцияның орташа чегі Т13,1 мыңға дейін төмендеді (-1,2%).
- Өңірлік бөліністе ірі мегаполистер мен елдің басқа аймақтары арасындағы «цифрлық алшақтықтың» бұдан әрі 18,2 п.т. деңгейіне дейін қысқаруы байқалады, бұл цифрлық қаржылық сервистердің анағұрлым дамыған қалалардан тыс жерлерде де таралуы жалғасып жатқанын айғақтайды.


- Сонымен қатар, банкоматтар арқылы қолма-қол ақша алу операцияларының көлемі 2,2%-ға төмендеп, Т5,8 трлн-ды құрады. Осылайша, нарық алғаш рет қолма-қол ақша айналымының салыстырмалы және абсолюттік мәнде қысқарғанын көрсетіп отыр. Бұл кәсіпкерлік кірістер бойынша фискалды чек беру талаптары және көлеңкелі экономиканы шектеу бойынша қабылданып жатқан белсенді шаралар аясында қолма-қол ақшаға деген қажеттіліктің төмендегенін айғақтауы мүмкін.
- Нарықтың кемелдену кезеңіне өткенінің қосымша айғағы — төлем карталары санының өсу қарқыны бір жыл бұрынғы 7,9%-дық өсіммен салыстырғанда, +3,9%-ға дейін баяулауы болып табылады. Бұл клиенттік базаның біртіндеп қанығуын және нарық қатысушылары арасындағы бәсекелестіктің клиенттерді ұстап тұру, экожүйелерді дамыту және транзакциялық белсенділікті ынталандыру бағытына қарай ауысқанын көрсетуді мүмкін.
- Осы орайда қолма-қол ақшасыз есеп айырысу инфрақұрылымын дамыту жалғасуда. Қолма-қол ақшасыз төлемдер бөлінісінде POS-төлемдер (10,0%-дан 10,6%-ға дейін) мен QR (10,2%-дан 10,7%-ға дейін) үлесінің артуы байқалды. Бұл сауда мен қызмет көрсету саласында цифрлық төлемдерді қабылдау желісінің бұдан әрі кеңейгенін, сондай-ақ транзакциялық белсенділіктің бір бөлігі қашықтан төлеу арнасынан (ғаламтордағы) офлайн-инфрақұрылымға біртіндеп қайта бөліне бастағанын көрсетеді.
- Жергілікті төлем инфрақұрылымы рөлінің күшеюі маңызды үрдіс болып қала береді. Есепті кезең қорытындысы бойынша жергілікті жүйелер карталарының саны 28,2 млн-ға дейін (+4,2%) өсті, ал халықаралық карталары саны — 56,9 млн-ға дейін (+3,8%) ұлғайды. Мұндай серпін ішкі төлем шешімдерінің біртіндеп нығайып келе жатқанын және нарықтың халықаралық инфрақұрылымға тәуелділігінің бәсеңдегенін айғақтайды.

ҚР аумағындағы қолма-қол ақшасыз транзакциялар *

ҚР қолма-қол ақшасыз транзакциялар динамикасы




Ең «қолма-қол ақшасыз» аймақтар




Жан басына шаққандағы айналымдағы төлем карталарының саны *

Жан басына шаққандағы дебиттік карталар саны




Жан басына шаққандағы несие карталарының саны




* Деректер көзі: ҚРҰБ, ҚР СЖРА ҰСБ

Төлем карталары бойынша транзакциялар*

Транзакциялар саны, млн операциялар




Транзакциялар көлемі, млрд теңге



Қолма-қол ақшасыз транзакциялардың түрлері бойынша бөлу және жергілікті төлем жүйелерінің үлесі*


Қолма-қол ақшасыз операциялар



- POS-терминал арқылы төлем
- Интернет арқылы төлем
- Банкомат және басқа құрылғы арқылы төлеу
- QR код

* Деректер көзі: ҚРҰБ

Айналыстағы төлем карточкалары, млн



© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Резюме

Қазақстанның қолма-қол ақшасыз төлемдер нарығы 2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша өсу қарқынының айтарлықтай баяулағанына қарамастан, тұрақты оң серпінді сақтап отыр. Бұл нарықтың жедел кеңею кезеңінен дамудың неғұрлым кемелді моделіне өтіп жатқанын көрсетеді, мұнда жаңа пайдаланушылар санының артуы емес, цифрлық төлем сервистерін пайдаланудың тереңдігі мен жүйелілігі басты рөл атқара бастайды.

Қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың жоғары деңгейде өнуі, қолма-қол ақша айналымының қысқаруы және жаңа төлем карталарын эмиссиялаудың баяулауы нарықтың қанығу сатысына жақындап қалғанын айғақтауы мүмкін. Бұл ретте бұдан арғы өсім әлеуеті цифрлық қаржылық құралдарды пайдаланудың тарихи базасы төменірек өңірлерге қарай көбірек ауысып келеді.

Сонымен қатар, нарықтың өзінде құрылымдық трансформация күшейіп келеді. POS- және QR-төлемдер үлесінің артуы транзакциялық белсенділіктің офлайн-инфрақұрылым пайдасына қарай біртіндеп қайта бөлініп жатқанын көрсетеді, ал нарық қатысушылары арасындағы бәсекелестік экожүйелер, пайдаланушылық тәжірибе, ниеттестік бағдарламалары және цифрлық сервистерді пайдалану жиілігінің өсуі төңірегіне көбірек шоғырланады.

Ағымдағы үрдістерді ескере отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдер нарығының серпіні ішкі тұтынуының дамуымен және жалпы экономикалық белсенділіктен тығыз байланысты болады деп күтуге болады. Жылдың екінші жартыжылдығында ЖІӨ өсімі қарқынының қалпына келуі жағдайында, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу секторы сауда айналымының, тұтынушылық шығыстардың ұлғаюы және қаржылық сервистердің өну деңгейі төменірек өңірлерде қолма-қол ақшасыз құралдарды пайдаланудың артуы есебінен кеңеюдің неғұрлым жоғары қарқынына қайта оралуға қауқарлы.